

15.08.2019 ж.

### «Абай- дана, Абай- дара қазақта»

Биыл, 2019 жылы ұлы ақын, композитор, ағартушы Абай Құнанбайұлының 175 жылдығын тойлауға арналған шаралар біздің №2 облыстық әмбебап ғылыми кітапханамызда да өз жалғасын тапты. Солардың бірі - «Абай- дана, Абай- дара қазақта» атты кітап бұрышы ұсынылды. Мақсаты: Абай шығармашылығын жас ұрпақтың жүрегіне терең бойлатып, Абайдың жұмбақ әлемінің тылсым сырларына үңілту. Сөз патшасы- өлең құдіретінің асыл сөз маржандарын бойларына сіңірту, ой қиялдарын поэзия әлеміне енгізу. Ғұлама Абай мұрасын, нақыл сөздерін, философиялық ой толғауларын насихаттау болып табылады.

Бұл кітап бұрышына кітапхана қорындағы Абай атамыздың әр жылдарда жарыққа шыққан кітаптары және Ұлы ақын туралы жазған ақын- жазушылардың кітаптары қойылды. Бұл көрмеге екі тілде шолу жасалынып, «Арқа дидары» арқылы қала тұрғындарына насихатталды. Хакім Абайдың асыл мұрасы ұрпақтан ұрпаққа жалғаса беретін баға жетпес қазына. Артына өлмейтұғын сөз қалдырған ұлы ақынның шығармаларын кейінгі толқын көкірегіне тоқып, көңіліне шамшырақ етіп алары сөзсіз.

